

Үкімет мүшелерінің апта сайынғы үлгілік жұмыс кестесі

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 4 наурыздағы N 49. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.11.13. N 157 өкімімен. ~R990157

1. Үкімет мүшелерінің апта сайынғы үлгілік жұмыс кестесі

бекітілсін.

2. Премьер-Министрдің Кеңсесі, министрліктер және ведомстволар өз жұмыстарын жоспарлау кезінде Үкімет мүшелерінің апта сайынғы үлгілік жұмыс кестесіне сүйенсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1998 жылғы 4 наурыздағы
N 49 өкімімен
бекітілген

Үкімет мүшелерінің апта сайынғы
үлгілік жұмыс кестесі

Дүйсенбі - Министрліктерде өткен аптаның қорытындылары бойынша кеңестер өткізу. Президент пен Үкімет актілерінің, Президент пен Премьер-Министрдің тапсырмаларының атқарылуына бақылау жасау

Сейсенбі - Үкіметтің, Үкімет Төралқасының мәжілісі, Премьер-Министрдегі кеңес

Сәрсенбі - Премьер-Министрде (түске дейін), оның орынбасарлары мен Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысында (түстен кейін) кеңес өткізу;
Қазақстан Республикасында тіркелген елшілерді

қабылдау

Бейсенбі - Министрліктерде алқаның отырысын, кеңестер
өткізу

Жұма - Аймақтармен, министрліктердің арасындағы
жұмыс, азаматтарды қабылдау

Сенбі - Кадрлардың оқуы